

ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА

Әлия Тапенова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Әдеби байланыс — белгілі бір ұлт әдебиетінің басқа да әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы. Әдебиет әлеміндегі рухани алмасулар — көркемдік дамудың, әдеби процестің өзіндік заңдылығы. Бүтіндей алғанда, әдеби байланыстың әлем әдебиеті тарихында алатын орны зор. Ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі сол кезеңдегі әдеби байланыстың да бағыты мен көркемдік рөлін анықтайды. Әдеби байланыс жалпы ұлттық әдеби процеске, онда жаңа көркемдік ағымдардың пайда болуына ықпал етеді.

Ал Абайдың «Қара сөздері» - ұлы ақынның даналығын көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығарма. Туынды орыс, ағылшын тілдеріне аударылды. 1970 жылы қазақ жазушысы Сәтімжан Санбаев «Слова назидания» деген атаумен, ал 1979 жылы Виктор Шкловский « Слова назидания», және кейінгі аударманы 1990 жылы Роллан Сейсенбаев Клара Серікбаевамен бірлесе отырып, «Книга слов» деген атаумен аударды. 1995 жылы ағылшын тіліне К.Серікбаева мен Р.Сейсенбаевтың орыс тіліндегі аударма нұсқасынан Ричард МакКейн аударды.

Ал осы орайда ағылшын классикалық әдебиетінен алынып отырған таңдаулы үлгілердің қатарына Оскар Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» атты шығармасы. О.Уайльдтің «Дориан Грейдің портретін» орыс тіліне аударғандар:

- 1906 — А.Минцлованың аудармасы (Москва, «Гриф» кітап баспасы)
- 1912 —М.Ф.Ликиардопулоның аудармасы, лақап аты М.Ричардс. Роман арнайы баспамен 1928 жылы қайта шығарылды.
- 1960 — Екітомдық «Таңдамалы шығармалар»(Көркем әдебиеттің мемлекеттік баспасы) үшін Мария Абкинаның аудармасы. Ол хрестоматиялық кітап болып, әлі күнге дейін жариялануда.
- 2007 — Валерий Чухноның аудармасы, «Эксмо» баспасы.
- 2010 – Қазақ тіліне алғаш рет Гүлшат Түсіпова аударды(«Аударма» баспасы, Астана.)

Енді осы шығармалардың аудармаларын салыстырып, талдап көрейік:

Абайдың сегізінші сөзінен үзінді келтірсек:

Түпнұсқа: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім - ешнәрсе малдан қымбат демейді. [1,24]

Орыс тіліндегі аударма: «Богачи? Те ни в чем нужды не знают. Пусть на день, но им дано богатство, им кажется, что они владеют сокровищами чуть ли не половины мира, а чего им не хватает, то купят за скот. Взоры их

высоко, а помыслы еще выше. Честь, совесть, искренность для них не дороже скота. [1, 156]

Лексикалық семантикалық тұрғыдан тәржімада біраз өзгерістер бар. Сөйлем «богачи?» деп сұрақ белгісімен басталып тұр. Бір сөйлемнің орнына екі сөйлем қосып, аударған. Яғни аудармашы тарапынан сөз қосулар бар. «Адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім» деген сөздердің орнына тек «честь, совесть, искренность» деп аударды. Бұл концепт сөздер. Абайдың басты айтайын деп отырғаны осы. Бұл тірек сөздердің артында үлкен ой жатыр. Ал аудармада бұл жоқ. Кейбір сөздерді қалдырып кеткен. Бірақ аудармашы автордың ойын жеткізе білген.

Түпнұсқа: Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны - бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ - солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. [1, 24]

Орыс тіліндегі аударма: Был бы скот, уверены, можно подкупить самого Бога. Скот заменяет им все — родину, народ, религию, родных, знания. Где им прислушиваться к чужим советам? Прислушался бы да времени нет. Надо скотину напоить-накормить, выгодно продать, от вора и волка убересть, от холода укрыть да найти человека, который бы занялся всем этим. [1, 156]

Түпнұсқадағы «құдайы, ұяты, ары» сөздері аудармада қалдырылып кеткен. «Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ - солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ». Бұл жерде Абайдың ұлылығымен қатар, ақындық өнерін де көре аламыз. Даналық сөзді ұйқаспен әдемі жеткізген. Ал аудармашы осы тұсты қалай берген? Аудармашы дәл автордай ұйқастырмаса да, ойды, мағынаны жеткізе білген.

Түпнұсқа: «Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр». [1, 24]

Орыс тіліндегі аударма: «Бедняки, что смиреннее овцы, озабочены своим пропитанием». [1, 156]

Аудармада «қой жүнді қоңыршалар» тіркесі шылау сөзбен кеңейтілген, эпитеттік үлгісін жоғалтқан.

Ал Абайдың он төртінші қара сөзінен үзінді келтірсек:

Түпнұсқа: «Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз». [1, 32]

Орыс тіліндегі аударма: «Если у них не в чести учтивость, верность данному обету, отвращение от зла, способность вести за собой заблудших, а не плестись за толпой жалким псом, умение смело постоять за правое дело, когда это трудно, не отступить от истины, когда это сделать легче легкого, то в груди тех, кого люди почитают за батыров, бьется не обыкновенное, а

волчье сердце». [1,165]

Түпнұсқадағы «аттың басын бұру» фразеологизмнің ерекшелігі аудармада дәл берілмеген.

Ал енді Оскар Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» атты романынан үзінді келтірейік:

Түпнұсқа:

- «Is it yours, Harry? »
- «I give it to you. »
- «I could not use it. It is too true. »
- «You need not be afraid. Our countrymen never recognize a description. »
- «They are practical. »
- «They are more cunning than practical. When they make up their ledger, they balance stupidity by wealth, and vice by hypocrisy. [3,164]

Абкина:

- Это ваша острога, Гарри?
- Дарю ее вам.
- Что я с ней сделаю? Она слишком похожа на правду.
- А вы не бойтесь. Наши соотечественники никогда не узнают себя в портретах.
- Они — люди благоразумные.
- Скорее хитрые. Подводя баланс, они глупость покрывают богатством, а порок — лицемерием.[4,278]

Түсіпова:

- Бұл сіздің ащы тіліңіз ғана, Гарри.
- Оны сізге сыйладым.
- Маған оның не қажеті бар? Ол шындыққа тым ұқсас.
- Ал сіз қорықпаңыз. Біздің отандастарымыз өз өздерін портреттерінен ешқашан да танымайды.
- Олар ақылынан әлі адаспаған адамдар.
- Олай дегеннен гөрі, қу адамдар деген дұрыс шығар. Егер тарапқа салсақ, олар ақымақтықты байлықпен, ал күнәны екіжүзділікпен ақ ақтап алады.[5,188]

Талдау: “cunning”(“хитрые”), “stupidity” (“глупость”) , “vice”(“порок”), “hypocrisy”(“лицемерие”) деген эпитеттерді автор қолданады.

Қазақша тәржімада бұл эпитеттер «қу», «ақымақтық», «күнә» және «екіжүзділік» деп аударылған. “Vice”(“порок”) деген сөздің мағынасын сөздіктен қарайтын болсақ:

- 1) (недостаток) айып; жарамсыз қылық; кемістік; көргенсіздік; ұят
- 2) (разврат) бұзықтық; кесел; кесір
- 3) (физический недостаток) ақау; жарымжандық; жарымжандылық; кемтарлық; кінәрат; мүгедектік

Меніңше, қазақша аудармасындағы бұл сөздің мағынасы түпнұсқадағы туралықты сақтамаған. Сонымен қатар, бұл диалогтың бірінші сөйлеміне назар алатын болсақ, түпнұсқа мен орысша аудармасында сұраулы сөйлем болса, ал қазақша тәржімада сұраулы сөйлемнің орнына хабарлы сөйлем қолданған.

Түпнұсқа: «...Lord Henry Wotton could just catch the gleam of the honey-sweet and honey-coloured blossoms of a laburnum, whose tremulous branches seemed hardly able to bear the burden of a beauty so flame-like as theirs; and now and then the fantastic shadow of birds in flight flitted across the long tussore-silk curtains that were stretched in front of the huge window, producing a kind of momentary Japanese effect...»[3,4]

Абкина: «...был виден только куст ракитника его золотые и душистые, как мед, цветы жарко пылали на солнце, а трепещущие ветви, казалось, едва выдерживали тяжесть этого сверкающего великолепия, по временам на длинных шелковых занавесях громадного окна мелькали причудливые тени пролетавших мимо птиц, создавая на миг подобие японских рисунков...» [4,8]

Түсіпова: «Ол балдай тәтті иіске балқып әрі күндей сары ракит бұтасын қызықтап жатқан тын. Ракит бұтасының алтын түстес гүлдері күннің көзімен одан сайын шағылыса түседі, ал сәл тербетіліп тұрған бұталар осы бір төгілген күн түстес гүлдерді әрең көтеріп тұрғандай еді. Үлкен терезелерге ілінген жібек перделерге, арасында ұшып өтетін құстардың көлеңкелері алып самұрықтардың бейнесіндей түсіп өтеді, бұл көрініс жапон суреттерін еске түсіреді». [5,12]

Талдау: Қазақша аудармасына келетін болсақ, түпнұсқадағы «laburnum» сөзінің орыс эквиваленті «ракитник» сөзі, ал қазақшаға бұл ағаштың түрін «ракит бұтағы» деп аударған. Екі тілді(орыс-қазақ) сөздіктен бұл сөздің қазақ тіліндегі аудармасына қарайық:

1. (ивовый кустарник) бұта, шілік;
2. (заросль из ракит) шілік тоғайы;

Қазақ оқырмандарына түсінікті емес «ракит» бұтағынан гөрі, мүмкін «шілік» деген сөз құлаққа жағымды естілер ме еді?! Осы сөйлемдегі «birds» сөзіне мән берейік, бұл сөз орыс тіліне «птицы» деп дәлме-дәл аударылады, ал қазақша тәржімасында қазақ мифологиясындағы ерекше құс «самұрықтың» атауымен берілген. Яғни, аудармашы өзгеріс жасаған, түпнұсқада кездеспеген қазақ мифіне тән құс атауын аудармаға енгізген.

Қазақтың Ұлы Абайы мен ағылшынның көрнекті жазушысы Оскар Уайльд шығармаларын талдадық. Бұл екі ақын жазушы да өз халқының, ұлтының ортақ қазыналары. Абай қазақ халқына, ал Оскар ағылшын ұлтына тән ерекшеліктерін өз шығармаларында айтады. Екі жазушының ұқсастығы жалпы адамзатқа ортақ мұраттары үшін рухани қызметін жалғастырған, өз халқын сүйген жандар.

Ал осы жазушылардың шығармаларын жалпы мәдениет дамуының адамдар ортасына, тұтастай алғанда планетаға таралуына көркем әдеби аударма нұсқалары ерекше рөл атқарады.

Әдебиет

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар.Книга слов. Поэмы. – Алматы: Ел баспасы, 1993
2. Уайльд, О.Портрет Дориана Грея: роман; на англ.яз. – Новосибирск: Сиб.универ.изд-во, 2009. – 191 с. – (English Fiction Collection)
3. Уайльд, О. Портрет Дориана Грея: роман/ пер.М.Абкиной. – М.: АСТ, 2010. -317 с.
4. Уайльд, О.Дориан ГрөйдУайльд, О.Дориан Грөйдің портреті.Ағылшын тілінен аударған Г.Түсіпова. – Астана: Аударма, 2010. – 488 бет.